

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.
Д.АСФЕНДИЯРОВА

«Ортопедиялық стоматология кафедрасы»
Кафедра меңгерушісі, м.ғ.д.,проф . Алтынбеков К.Д.

Тақырыбы: **Паралеллометрия әдісін жүргізу,
паралеллометрдің құрылысы.**

*Дайындаған: Мухамедкаримова Г.
Факультет: стоматология*

*Топ: 12-001-2
Жетекшісі: Таунық Н.*

Параллелометр – екі және одан да көп тіс бетінің және жақтың басқа бөліктерінің мысалы альвеолярлы өсіндінің салыстырмалы параллельдігін анықтайтын аспап болып табылады.



Параллелометрдің негізінде бір ғана принцип жатыр: қандай да бір ығысқан вертикальды стержень барлық жағдайда өзінің бастапқы орнына параллель болып табылады.

Параллелометр осы тістердің параллельді вертикальды жазықтарда орналасқан нүктелерді анықтауға, сонымен қатар протездің кіргізу және шығару жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.



Параллелометр құрлымы, бөлшектерінің көрсетілімдері:

-**Баған.** Баған осі бойымен қажетті биіктікте бекітуге болатын қозғалмалы бөлшектері бар кронштейн орналасады.

-**Кронштейн.** Оның үстінде параллельдікті анықтауға болатын әртүрлі құралдар бекітіледі.

-**Шарлы шарнир бар үстелше.** Оның үстінде мүсін орналастырылады. Үстелшенің әртүрлі жазықтықта қисайтуға болады.

-**Анализдейтін стерженьдер.** Оның көмегімен аралық сызығының ең ыңғайлы деген бағытын анықтайды.

-Саңырауқұлақ тәрізді стерженьдер Кемер аймағының тереңдігін анықтайды. Әртүрлі өлшемдері болады: 0,25; 0,5; 0,75 мм

-Графитті стержень. Аралық сызығын сызу үшін қолданылады.

Протезді кіргізу және шығару жолдары.

Енгізу (орнастыру) жолдары- протездің кламмерлік

Элементтерінің тіреуші тістерімен бастапқы жанасуынан бастап протез орны тіндеріне дейінгі жасайтын протез орны тіндеріне дейінгі жасайтын протез қимылы болып табылады.

Протезді енгізу (орнастыру) төмендегідей жолдарының болуы мүмкін:

- Вертикальды
- Вертикальды оң
- Вертикальды сол
- Вертикальды артқы
- Вертикальды алдыңғы

Параллелометрдегі мүсінді зерттеу тістің аралық сызығын, яғни тіс бетін окклюзиялық (тіреу) және ретенциялық (ұстап тұрушы немесе мойын аралық) деп аталатын екі бөлікке бөлетін сызықты анықтаудан тұрады. аралық сызығы мен қызыл иек жиегі арасындағы астыңғы ішкі бөлікті протездің ретенциясын қамтамасыз ететін кламердің эластикалық бөлігі орналасады. **Тіреу тістердің аралық сызығын анықтау** кламмерлік элементтердің дұрыс бөлугі және бір уақытта протезді енгізудің ұтымды жолын табуға мүмкіндік береді.

Протезді енгізудің 3 әдісі белгілі:

I. Еркін әдіс

II. Тіреу тістердің ұзын
осьтерінің орташа
иілуін анықтау әдіс

III. Таңдау әдісі

Еркін әдіс.

Жоғарғы мықталықтағы супер гипстен құйылған мүсінді тістің окклюзиялық жазықтығы саңырауқұлақ тәрізді стерженіне перпендикуляр болатындай етіп, параллелориметр үстелінің үстіне қойып орнатады. Сосын әрбір тіреу тістеріне параллелометр грифелін жеткізіп, аралық сызығы анатомиялық экватормен сәйкес келмеуі мүмкін, өйткені оның орналасуы тістің табиғи иілуіне байланысты болады, сондықтан бір қатар жеке тістерде кламмерді орналастыру үшін жағдайдың қолайсыз болуы да мүмкін.

Таңдау әдісі.

Мүсін параллелометр үстіне бекітіледі. Сосын тістің окклюзиялық беті анализдеуші стерженьге (нольдік иілу) перпендикулярлы болатындай етіп, үстельді орналастырады. Анализдеуші стерженьді әрбір тіреу тістеріне қойып, тіреп және ұстап тұратын жерлердің (белдеулердің) болуына және олардың шамасын рет-ретімен анықтайды. Бір немесе бірнеше тістерде кламмер элементтерін орналастыру үшін қолайлы жақсы жағдайдың қалыптасуы байқалса, ал басқаларында жағдайдың қанағатсыз, яғни қолайсыз болуы да мүмкін.

Бұл кезде мүсін иілудің басқа бұрышымен қарастырылуы керек. Модель иілуінің анағұрлым қолайлысын таңдап алып, анализдеуші стерженьді грифельге ауыстырады және тіреу тістерінде меже сызығын сызады.

Тіреу тістердің ұзын осьтерінің орташа иілуін анықтау әдісі.

Мүсін негізінің қырларын бір-біріне параллель болатындай етіп кеседі.

Мүсінді параллелометр үстеліне бекітеді. Содан кейін тіреу тістерінің біреуінің вертикальды осін табады. Параллелометрдің анализдеуші стержені тістің ұзын осіне сәйкес келетіндей етіп, мүсін негізінің ұқсас бетіне сызады. Мұнан кейін тістер қатарының арғы бетінде орналасқан екінші тіреу тістің вертикальды осін анықтайды, сонымен қатар оны мүсіннің бүйір бетіне түсіреді. Сосын алынған сызықтарды параллельді горизонтальды сызықтармен жалғастырады. Горизонтальды сызықтар жартылай белгіленгеннен кейін тіреу тістерінің орташа шамамен алғандағы осі анықталады. Мүсіннің басқа қатпарындағы тістердің орташа осін де осылай анықтаймыз. Бұл әдістің кемшілігі сол, алдыңғы тістерде орналасқан кламмерлер мен көркемдік жағынан бірқатар талаптар ескерілмейді.